

## Кәсіподақтың 2024 жылғы құқық қорғау жұмысының қорытындысы бойынша АҚПАРАТ

2024 жылғы Салалық кәсіподақтың құқықтық қызметінің жұмысын мүшелік ұйымдар бойынша талдау үшін сандық және сапалық көрсеткіштер 1-кесте және 2-кестеге енгізілген.

1-кесте

Салалық кәсіподақтың мүшелік ұйымдарының құқықтық қызметі жұмысының  
2024 жылғы нәтижелері туралы (№1 қосымша)

2-кесте

Талданып отырған 2023-2024 жылдар кезеңіндегі құқықтық қызмет жұмысының  
нәтижелері туралы

№	Көрсеткіштер	2023 жыл	2024 жыл	Айырмашылық +/-	%
1.	Құқықтық еңбек инспекторларының (зангерлердің) саны	46	46	0	0,0%
2.	Барлық қаралған өтініштер, оның ішінде электрондық пошта арқылы келіп түскен мәселелер бойынша:	47 565	34 201	-13 364	-28,1%
2.1	еңбекке ақы төлеу	17 440	13 382	-4 058	-23,3%
2.2	еңбек шартын бұзу	2 596	1 698	-898	-34,6%
2.3	еңбек/ұжымдық шарт талаптарының орындалмауы	3 764	2 753	-1 011	-26,9%
2.4	кәсіподақ органдарының жұмыстары	1 576	1 166	-410	-26,0%
2.5	еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау	1 467	909	-558	-38,0%
2.6	басқа мәселелер бойынша	20 722	14 293	-6 429	-31,0%
	<i>оның ішінде мемлекеттік еңбек инспекторларына жолданып, олар бойынша жұмыс берушілер орындауға міндетті ұйғарымдар, қорытындылар берілді, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттамалар мен қаулылар толтырылып, әкімшілік жазалар қолданылды</i>	73	44	-29	-60,2%
3.	Келісу комиссияларының саны	8 282	8 931	649	7,8%
4.	Құқықтық көмек көрсетілді:	21 221	29 692	8 471	39,9%
4.1	келісу комиссиясында	547	717	170	31,1%
4.1.1.	оның ішінде қаралған өтініштер толық немесе ішінара қанағаттандырылды		429		
4.1.2.	оның ішінде жұмысқа қайта алынғандар	-	18		
4.2	сотта	42	52	10	23,8%

4.2.1	оның ішінде талап қоюлар толық немесе ішінара қанағаттандырылды	25	27	2	8,0%
4.2.2	оның ішінде жұмысқа қайта алынғандар	-	6		
	Барлық жұмысқа қайта алынғандар	32	24	-8	-25%
4.3	жеке қабылдауда	10 128	10 747	619	6,1%
4.4	БАҚ-да	191	114	-77	-40,3%
4.5	ғаламтордың ғаламдық компьютерлік желісінде	10 313	17 956	7 643	74,1%
4.6	<i>келіссөздер жүргізу арқылы жұмысшылардың заңсыз жұмыстан босатылуына жол берілмеді</i>		106		
5.	<b>Еңбек заңнамасының орындалуына қоғамдық бақылау жүзеге асырылған ұйымдардың саны (барлығы)</b>	2 101	2 653	552	26,3%
6.	<b>Еңбек заңнамасының бұзушылықтары анықталды (барлығы), оның ішінде:</b>	3 727	4 828	1 101	29,5%
6.1	еңбекке ақы төлеу бөлігінде	1 354	1 355	1	0,1%
6.2	жұмыс уақыты мен тынығу уақытының режимі бойынша	354	464	110	31,1%
6.3	еңбек қатынастарын ресімдеу бойынша	857	1 419	562	65,6%
6.4	өзге де бұзушылықтар	1 162	1 590	428	36,8%
7.	<b>Бұзушылықтарды жою бойынша жұмыс берушілерге ұсыныстар жолданды</b>	1 208	1 343	135	11,2%
7.1	бұзушылықтарды жою туралы жауаптар алынды	1 041	1 131	90	8,6%
8.	<b>Кәсіподақ органдарының талаптары бойынша кәсіподақ мүшелеріне заңсыз ұсталған немесе төленбеген ақшалай сомалар қайтарылды (теңгемен)</b>	694 928 734	759 740 904	64 812 170	9,3%
9.	<b>Кәсіподақ комитеттері үшін құқықтық мәселелер бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірленді</b>	73	62	-11	-15,1%
10.	<b>Құқықтық қызмет жұмысының экономикалық тиімділігі (теңгемен)</b>	1 023 075 811	2 355 423 388	1 332 347 577	130,2%
11.	<b>Кәсіподақтар өкілдерінің қатысуымен қаралған еңбек даулары:</b>	384	460	76	19,8%
11.1	жеке тұлғалар	383	460	77	20,1%
11.2	ұжымдық	0	0	0	

Штаттық кәсіподақ заңгерлерінің саны 2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 46 адамды құрайды.

2025 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша штаттық кәсіподақ заңгерлерінің саны 2023 жылмен салыстырғанда **2 заңгерге** (Жамбыл - 2) азайып, сондай-ақ **2 заңгерге** (Шымкент қ. + 1, Маңғыстау обл.+1) **артып**, барлығы **44 адамды құрады**.

Бүгінгі күнге «Қорғау» Қостанай облыстық ұйымында ғана құқықтық жұмыс бойынша маман жоқ.

Қызметкерлерді қорғау тәсілдерінің бірі - *өтініштермен және консультациялық қызметтермен* қамтамасыз етілген жұмыс. Есепті жылы барлығы **34 201** кәсіподақ мүшелерінің өтініштері (2023 жылы – 47 565) қаралды, бұл өткен жылмен салыстырғанда **28,1%-ға кем**. Өтініштердің ең көп саны еңбекақыға байланысты – **13 382** (17 440), еңбек және ұжымдық шарттардың талаптарын орындамауына байланысты – **2 753** (3 764).

### 2023-2024 жылдарға қаралған өтініштер бойынша мәліметтер

	Мүшелік ұйымдар (облыс/ өңір)	Көрсеткіштер		+/-
		2023 ж.	2024 ж.	
1.	Абай облысының кәсіподақ ұйымы	107	1001	+ 894
2.	Ақмола облыстық кәсіподақ ұйымы	169	674	+ 505
3.	Ақтөбе облыстық кәсіподақ ұйымы	3197	3418	+ 221
4.	Алматы қ., «Ұстаз» жергілікті кәсіподағы	3653	1321	- 2 332
5.	Алматы қалалық кәсіподақ ұйымы	137	142	+ 5
6.	Астана қ. білім беру қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы	96	116	+ 20
7.	Атырау облысының кәсіподақ ұйымы	228	801	+ 573
8.	Шығыс Қазақстан облысының жергілікті кәсіподағы	952	426	- 526
9.	Жамбыл облысының жергілікті кәсіподағы	15 723	9 884	- 5 839
10.	Жетісу облысының кәсіподақ ұйымы	252	70	- 182
11.	Батыс Қазақстан облыстық кәсіподақ ұйымы	1 131	1 130	- 1
12.	Қарағанды облыстық кәсіподақ ұйымы	1378	1470	+ 92
13.	«Қамқор» Алматы білім және ғылым қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы	150	155	+ 5
14.	«Қорғау» Қостанай облыстық ұйымы	173	114	- 59
15.	Қызылорда облыстық кәсіподақ ұйымы	1706	1695	- 11
16.	Маңғыстау облыстық кәсіподақ ұйымы	1161	1824	+ 663
17.	Павлодар облыстық кәсіподақ ұйымы	574	578	+ 4
18.	Солтүстік Қазақстан облыстық кәсіподақ ұйымы	1389	1371	- 11
19.	Түркістан облыстық кәсіподақ ұйымы	748	755	+ 7
20.	Шымкент қалалық кәсіподақ ұйымы	21	18	-2
21.	Ұлытау обл.	-	147	-
	Барлығы	32 945	27 121	- 5 824

Есепті жылы өткен жылмен салыстырғанда келіп түскен өтініштер саны аз болған. Барлық түскен мәселелер кәсіподақ органдарымен уақытылы қаралды. Қаралған өтініштердің 5 824-ге азаюы бұл, мүшелік ұйымдардың белсенді жұмысымен, яғни практикалық семинарлардың, білім беру ұйымдарындағы кәсіподақ мүшелерімен кездесулердің өткізілуімен және Кәсіподақтың ресми сайттарында, әлеуметтік желілер парақшаларында жиі қойылатын өзекті мәселелерді түсіндіру бойынша көптеген материалдардың жариялануымен түсіндіріледі.

Кәсіподақ заңгерлері қызметкерлерге жеке еңбек дауларын келісу комиссияларында қарауға **715** (547) жағдайда құқықтық көмек көрсетті, бұл өткен жылмен салыстырғанда **30,7%-ға**, соттарда **52** (42) жағдайға өскен.

Құқықтық қызметтің жәрдемдесуімен есепті жылы **24** заңсыз жұмыстан босатылған қызметкерлер - кәсіподақ мүшелері жұмысқа қайта алынды, оның ішінде төмендегі ұйымдарда: Павлодар облысында – **7** (2-еуі келісу комиссиясы арқылы, 5-еуі сот арқылы), Ақтөбеде – **5** (5-еуі де келісу комиссиясы арқылы), Ақмолада – **4** (4-еуі де келісу комиссиясы арқылы), Жамбыл облысы – **2** (2-еуі де келісу комиссиясы арқылы), Шығыс Қазақстан облысында - **2** (2-еуі келісу комиссиясы арқылы), Солтүстік Қазақстанда – **1** (1-еуі келісу комиссиясы арқылы), «Қамқор» Алматы облысында – **1** (1-еуі келісу комиссиясы арқылы).

Сонымен бірге, келесі мүшелік ұйымдар келіссөздер жүргізу арқылы қызметкерлерді заңсыз жұмыстан босатудың алдын алды: Қызылорда облысын – **60**, Ақмола облысы – **9**, Ақтөбе облысы – **7**, Павлодар облысы – **3**, Шығыс Қазақстан облысы – **2**, Солтүстік Қазақстан облысы – **2**, сондай-ақ Абай облысында – **15**, Жетісу облысында – **3**, «Қамқор» Алматы облысында – **4**.

Қоғамдық бақылау құқықтық қорғаудың неғұрлым тиімді және мәнді нысаны болып қала бермек. 2024 жылы еңбек заңнамасының орындалуына қоғамдық бақылау жүргізу аясында **2 653** тексерулер өткізілді. Бақылау жүргізу барысында **4 828** еңбек заңнамасының бұзылуы анықталды. Оның ішінде **1 355-і** еңбекке ақы төлеу бөлігінде, **1 419-ы** еңбек қатынастарын ресімдеу бойынша және **464-і** жұмыс уақыты мен тынығу уақытының режимі бойынша.

Жалпы еңбек заңнамасының бұзушылықтардың тұтастай құрылымының ішіндегі жалпы санынан ең көп саны еңбек қатынастарын ресімдеу – **29,4%** (1419/4828) және еңбекке ақы төлеу – **28%** (1355/4828) бұзушылықтары бойынша орын алады.

### Қоғамдық бақылау жүргізуді қамту үлесінің салыстырмалы кестесі

	Мүшелік ұйымдар (облыс/ өңір)	Көрсеткіштер	
		2023 ж.	2024 ж.
1.	Абай облысының кәсіподақ ұйымы	<b>16,6%</b> (67/404)	<b>8,2%</b> (34/414)
2.	Ақмола облыстық кәсіподақ ұйымы	<b>8,7%</b> (66/757)	<b>39,7 %</b> (302/757)
3.	Ақтөбе облыстық кәсіподақ ұйымы	<b>40,3%</b> (246/610)	<b>44,1%</b> (271/615)
4.	Алматы қ., «Ұстаз» жергілікті кәсіподағы	<b>5,9%</b> (27/455)	<b>0,2 %</b> (1/460)
5	Алматы қалалық кәсіподақ ұйымы	93,8% (15/16)	<b>66,7 %</b> (10/15)
6.	Астана қ. білім беру қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы	<b>21,7%</b> (10/230)	<b>17,4%</b> (42/242)
7.	Атырау облысының кәсіподақ ұйымы	<b>24,6%</b> (104/423)	<b>35,6%</b> (15/2427)
8.	Шығыс Қазақстан облысының жергілікті кәсіподағы	<b>13,0 %</b> (70/538)	<b>13,9 %</b> (76/545)

9.	Жамбыл облысының жергілікті кәсіподағы	<b>64,1%</b> (521/813)	<b>64,2%</b> (526/819)
10.	Жетісу облысының кәсіподақ ұйымы	<b>8%</b> (38/477)	<b>1,8%</b> (8/448)
11.	Батыс Қазақстан облыстық кәсіподақ ұйымы	<b>14,5%</b> (81/558)	<b>21,5 %</b> (119/554)
12.	Қарағанды облыстық кәсіподақ ұйымы	<b>29,4%</b> (132/449)	<b>34,3%</b> (165/481)
13.	«Қамқор» білім және ғылым қызметкерлерінің Алматы жергілікті кәсіптік одағы	-	<b>23,9%</b> (22/92)
14.	«Қорғау» Қостанай облыстық ұйымы	-	<b>0,5%</b> (1/195)
15.	Қызылорда облыстық кәсіподақ ұйымы	<b>33,4%</b> (191/572)	<b>67,1%</b> (386/575)
16.	Маңғыстау облыстық кәсіподақ ұйымы	<b>4,6%</b> (15/327)	<b>0,3%</b> (1/346)
17.	Павлодар облыстық кәсіподақ ұйымы	<b>55,8%</b> (327/586)	<b>60,9%</b> (360/591)
18.	Солтүстік Қазақстан облыстық кәсіподақ ұйымы	<b>19,5%</b> (109/599)	<b>23,0%</b> (126/549)
19.	Түркістан облыстық кәсіподақ ұйымы	<b>1,5%</b> (3/196)	<b>0%</b> (0/199)
20.	Шымкент қалалық кәсіподақ ұйымы	<b>8,3%</b> (8/96)	<b>8,4%</b> (8/95)

Осылайша, есепті жылы еңбек заңнамасының орындалуына қоғамдық бақылауды жүргізу бойынша қамту жалпы республика бойынша – **30,8%** (25,2%) құрады.

Жоғарыда келтірілген деректер мүшелік ұйымдардың қызметкерлердің еңбек құқықтарының бұзылуының алдын алу және жолын кесу үшін еңбек заңнамасының сақталуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыру құқығын толық көлемде пайдаланбағанын көрсетеді. Құқықтық қызметтің тиімділігін сипаттайтын негізгі сапалық көрсеткіштер: *қайтарылған ақшалай қаражат, кәсіподақ мүшелеріне заңсыз ұсталған немесе төленбеген сомалар* болып табылады, есепті жылы бұл **759 740 904 теңгені** құраса, *құқықтық қызметтің экономикалық тиімділігінің сомасы* – **2 355 423 388 теңгені** құрайды.

Облыстардың кәсіподақ ұйымдарындағы қызметкерлерге қайтарылған сомалардың ең көбі: Жамбыл облысына – **176 820 591 (23,3%)** теңге, Павлодар облысына – **146 265 349 (19,3 %)** теңге, Қызылорда облысына – **131 053 100 (8,4%)** теңге, Маңғыстау облысына – **61 101 000 (8,0%)** теңге, Ақтөбе облысына – **55 378 667 (3,5%)** теңге және Солтүстік Қазақстан облысына **52 109 393 (3,3%)** теңге тиесілі.

Есепті жылы кәсіподақтың жұмыс істейтін 1 мүшесіне шаққандағы экономикалық тиімділік – **4 130** теңгені құрады. Өңірлер бөлінісінде ең үлкен тиімділік төмендегі ұйымдарда құрады: Павлодар облысы – **21 547** теңге, Жамбыл облысы – **16 725** теңге, Қызылорда облысы - **2 669** теңге, Маңғыстау облысы – **2 154** теңге, Ақтөбе облысы – **2 136** теңге, Солтүстік Қазақстан облысы – **2 124** теңге және Шығыс Қазақстан облысы – **1 263** теңге.

Қазақстан Республикасының «Кәсіптік одақтар туралы» заңына сәйкес кәсіподақтар кәсіподақ мүшелері арасында олардың құқықтық сауаттылығын арттыру, оның ішінде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы, сондай-ақ ұжымдық шарттың, келісімнің ережелері туралы, келісу комиссиясының жұмысы, келіссөздер жүргізу дағдыларын дамыту және еңбек дауларында консенсусқа қол жеткізу бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізуге міндетті.

Кәсіподақтардың алдына қойылған міндеттерді білікті заңдық қолдаусыз іске асыру мүмкін емес. Сонымен, есепті жылға арналған деректер бойынша 1 құқықтық еңбек инспекторына (заңгерге) **12 647** (12 428) кәсіподақтың жұмыс істейтін мүшелерінен келеді, яғни бір заңгер орташа есеппен 12 647 сала қызметкерлеріне құқықтық көмек көрсетеді.

**Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім салалық кәсіподағының Орталық Комитеті Аппаратының құқықтық жұмыстар, ЕҚЖЕҚ бөлімі**